

ЕУРОПАЛЫҚ КӨШІ-ҚОН ДАҒДАРЫСЫ**Сәрсенбай Айнұр Қанайқызы**aynur_97.07@mail.ru

Аймақтану мамандығының 2 курс магистранты,
Халықаралық қатынастар факультеті,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Даркенов Қ.Ғ.

Еуропалық көші-қон дағдарысы - 2015 жылдың күз мезгілінде босқындар мен заңсыз мигранттардың Еуропалық Одаққа Солтүстік Африка, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия елдерінен келетін толқынның бірнеше мәрте есеюінен және ЕО-тың оларды қабылдап алуға және таратып үлестіруге дайындықтарының аз болуы себепті орын алған жайт.

Берілген миграциялық дағдарыс Еуропадағы екінші дүниежүзілік соғыс уақытысынан бергі ең алып күйзеліс саналады. 2015 жылдың қаңтарынан қыркүйек айында дейін ЕО мүше-мемлекеттерінде бас сау, алап келген жандардың саны 700 мыңнан асты [1]. Ал толықтай 2015 жылы ЕО-қа әртүрлі бағамдар бойынша 1 миллионан 1,8 миллионға дейін қашқындар мен заңсыз мигранттар келген. Салыстырмалы түрде алатын болсақ, 2014 жылы заңды тіркелгендердің саны шамамен 280 000 болған еді.

Босқындар мен мигранттарға қатысты «дағдарыс» термині алғаш рет 2015 жылдың сәуірінде Жерорта теңізінде теңіз зілзалаларының топтамасының көбеюіне байланысты қолданылды. Қысқа уақыт ішінде (13, 16, 19 және 20 көкек айында) Еуропаға барар бағытта кемінде 5 қайық суға батып, 1200-ге жуық Африкадан келе жатқан мигранттар алауыз апатқа ұшырады. 2015 жылы Жерорта теңізінде 2600 босқын, ал 2000 жылдан бері қаза тапқандардың саны 22 000 адамға жеткен [2].

Миграциялық қозғалыстардың орын алуына мәжбүр ететін негізгі себептер қатарына экономикалық, саяси, демографиялық және ұлттық-құқықтық тұрақсыздық жатады. Мәселен:

- Аумақта тұрақсыздандыратын соғыстар және қарулы шиеленістер: Ирактағы азаматтық соғыс, Сириядағы азаматтық соғыс, Ауғанстандағы соғыс (2001-2014 және 2015 жылдар), Ливиядағы соғыс, Ирак және Левант ислам мемлекетіне (ИГИЛ) қарсы әскери операция, Сербия мен Косоводағы дағдарыс, Нигериядағы діни қақтығыстар, Пәкістан және Йемендегі шиеленістер [3].

- Африка және Таяу Шығыстағы демографиялық жарылыс аталмыш елдердің экономикалық мүмкіндік аясын тарылтып, жұмыспен қамту саясатын жүргізе алмай, әлеуметтік теңсіздікті күшейтеді, ал осы аспектілердің барлығы бірігіп экстремистік ағымдардың таралуына түрткі болады.

2015 жылы Еуропаға ағылған босқындар санының көбеюіне түрткі болған басты себептер:

- Сириядағы азаматтық соғыстың өршуі, шиеленісті шешу мүмкіншілігінің болмауы, Ирак пен Ауғанстандағы соғыстар, Африка және Таяу Шығыс төңірегіндегі басқа да шиеленістер қашқындарды өз туған елдеріне қайтуына қарсылық көрсетті. Ал күнелтудің жеке құралдарының түгесуі (босқындардың жұмыс істеу құқығы жоқ) халықты лагерьлерді тастап шығып, тіршіліктің жоғарғы деңгейдегі сапасы бар Еуропа елдеріне қарай бас сауғалауға әкеліп соқтырды.

- Түркияда, Ливан және Иорданиядағы босқындар лагеріне қаржыландырудың төмендеуі нәтижесінде босқындарды тамақпен қамтамасыз ету мөлшері қысқартылып, су мен тоқ пайдалануға төлемнің жүргізілуі енді. Босқындар балалары мектеп табалдырығын

аттау мүмкіндігінен айырылды.

- Ислам мемлекетіне тиесілі аумақтың кеңеюі онсыз да толып жатқан босқындар лагерінің санына және ондағы адамзат көлемінің ұлғаюына әсер етті.

- Босқындар қабылданған мемлекеттердегі экономика келешегінің жоқтығы. Көптеген мигранттар өздерінің тума-туыстары орналасқан және иммиграциялық қауым көлемі үлкен елдерге (Швеция, Германия) тап болуға тырысады.

- Ливиядағы екінші азаматтық соғыстық өршуі, кезінде өзіне тартқан Солтүстік Африка босқындарының Ливияны тастап, Еуропалық Одақ ұйымы мемлекеттеріне қоныстануға мәжбүрледі.

- Кезінде Жерорта теңізі арқылы Ливия, Италия елдеріне тұрақтайтын босқындар енді жаңа маршрут ұйымдастырып, Жерорта теңізі арқылы Греция мен Македонияға қоныстануы.

- ЕО-қа сапарлаудың оңай тәсілінің табылуы. Македония үкіметінің қаулысымен (2015 жылдың маусым айы) босқындарға 3 күндік елде еркін визасыз жүріп тұру мүмкіндігі және тіркелу құжаттарының қажетсіз деп табылуы, қашқындарға Македония арқылы Еуропаға өтуге қолайлы жағдай туғызды. Дублин келісіміне орай, тіркеу немесе баспанаға қол жеткізуге өтініш қабылдау босқын барған алғашқы ЕО мүше-мемлекетінде жасалуы тиіс. Осы сәтте қанша еуропалық жергілікті тұрғындардан арыз-шағым, наразылық түскенімен, Литва президенті Дали Грибаускайте «Бүткіл Африканы Еуропаға қоныстандыра алу мүмкін емес» деп жауап қайтарды [4].

- Қаржыландырудың жоқтығы: еуропалық елдердің бюджеті босқындарға кететін шығындарсыз есептелді. Тиісінше, қаржының ауқымды бөлігі аталмыш жандарға аударылды.

- Бос/артық баспаналардың кемдігі. Түркия, Ливия, Иордания секілді елдерде шатырлы лагерде қоныстандыру жараса, ЕО мемлекеттеріндегі төмен температураға байланысты мигранттарды жылытылатын ғимараттарда орналастыру міндеті қойылды.

- Қызметкерлердің азаюы: босқындарды тіркеуге, олармен тілдесуге, ілесіп жүруге, дөттеген жеріне апаруға, шекаралық тексерісте полиция қызметкерлерінің, тілшілердің, аудармашылардың, тіркеушілердің жоқтығы.

Көші-қон дағдарыс талқылай келе, уақиғалардың өрісіне сүйеніп отырып 2018 жылы 28-29 маусымдағы саммитте ЕО ұйымының 28 мемлекетінің елбасылары мен үкімет басшыларының кездесуі ЕО миграциясы мәселесін және антиресейлік санкция (ықпалшара) сұрақтарын көтерді [5]. Аталмыш жылда:

16 маусым – Италия үкіметі бортта 350-ге жуық мигранттар Африкадан бас сауғалап келе жатқан тұсынан Lifeline кемесін (Lifeline мемлекеттік емес ұйымының меншігі) қабылдаудан бас тартты.

13 тамыз – Италия және Мальта бортында 141 босқыны бар SOS Mediterranee мемлекеттік емес ұйымының Aquarius құтқарушы қайығын қабыл алмады .

15 тамыз – Италияндық Diciotti жағалау күзетінің кемесі Мальта аумақтық суларында кедейшілікке тап болған 177 Африка тумаларын құтқарып, 20 тамызда сицилиялық Катания кемежайына байланды.

Еуропалық Одақтың статистикалық қызметінің мәліметінше, 2018 жылы миграциялық департаментке 581 000 өтініш хат баспана сұрау мәселесі бойынша түскен. Бұл сан 2015 жылдағы дағдарыстағы көрсеткіштен (шамамен 1,2 миллион өтініш) әлдеқайда төмен. Сарапшылардың ойынша осы сәттен бастап дағдарыстың біткенінен хабардар болуға болады. Алайда аквариус жағдайы кейін 2019 жылы маусымында қайталанды.

Еуростаттың мағлұматтарына сүйенсек, ЕО 2014 жылы саяси тұраққа өтініш білдірген 626 715 хатты қабылдаған.Ең көп өтініш хатын ұсынған босқындар еліне Сирия (20%), Ауғанстан (7%), Косово (6%), Сербия (5%) елдері кіреді [6].

ЕО болжам-тұспалдары бойынша 2020 жылы босқындар ағыны азаяды. Оған себепші болатын аспект – Сириядағы саяси ахуалдың тұрақтанып, сириялық азаматтардың өз елдеріне оралуы.

Шенген келісіміне сәйкес, Еуропалық 26 мемлекет (28 мемлекеттен 22 ЕО мүше-мемлекеттері және Еуропалық еркін сауда ассоциациясының 4 мүше-елдері) бірігіп, ішкі шекараларда шекаралық бақылауды алып тастап, тек сыртқы қорғанысты күшейтуді алға тартқан келісім. Мемлекеттер ішкі бақылауды 2 айдан кем емес уақытқа мемлекеттік саясат және ұлттық қауіпсіздік мәселелері туындаған жағдаятта ғана орнатуға құқылы. Сондай-ақ Дублиндік реттеу босқындарды баспанамен қамтамасыздандыру тұрғысында, бір қашқынның бірнеше Еуропалық мемлекетке қатарынан өтінішін беруі және осы бір қашқындарды қабылдауға ешбір мемлекеттің құлқысының болмауы шараларын реттейтін заңды құжат. Әдепкі қалпы бойынша, отбасылық немесе гуманитарлық негіз болмаса, өтініш беруші баспана сұрауға байланысты хатын ең бірінші келіп тоқтаған Еуропалық Одақ мемлекетіне жіберуі тиіс. Себебі, Дублиндік реттеу құжатына сәйкес, шекаралық тіркеу және басқа да заңды жұмыстар босқынның ең бірінші келіп орныққан және саусағының із-таңбасы берілген елде атқарылады. Егер өтініш иесі басқа елге көшіп кетсе, заң бойынша ол өзінің тіркелген алғашқы мемлекетіне қайта жер аударылады. Осы тұста көптеген мемлекеттер Дублиндік реттеуге наразылықтарын білдіреді. Себебі босқындар қиын сәтте бас сауғалап өзіне жақын елге көшеді. Сол себепті аталмыш жақын мемлекетте мигранттар саны көбейеді. Қашқындар басқа елге көшсе де, мемлекеттер оларды заң жүзінде бөліп алмай, бірінші тіркелген еліне қайта жібереді. Осы тұсты дублиндік реттеу құжатының негізгі кемшілігі деп атайды.

Европарламент төрағасы Мартин Шульц мигранттар тудырған негізгі түсініспеушілік – олардың қаптап ағылуы емес, әртүрлі мемлекеттердің көші-қон қызметінде біркелкі емес жұмыс мөлшеріне әкеліп соқтыратын, оларды жаңа мекенге орналастыруда шиеленістерді біріге шешу жолындағы пікірлестік пен ынтымақтастықтың жоқтығы деп мәлімдеді. Жаппай көшіп қону салдары Шенген келісімінің тіршілігіне қауіп тудырып, ЕО елдері арасында босқындарды таратуда түсініспеушілік тудырып, ЕО құлауына әкелуі ықтимал [7].

Мигранттардың сансыз көшіп жүруі уыстан шығып, басқаруға келмей, түрлі адамзат құрбандығына тап болды. Оған дәлел, 2015 жылдың 27 тамызында болжаммен айтқанда ауа жетпеу салдарынан Австрияның шығыс жағалауында жабық тастанды жүк көлігінен 71 адамның өлі денесі табылды. БҰҰ мәліметінше, 2015 жылдың қаңтарынан тамызына дейін Жерорта теңізінде Европаға сапарлаған 2400 жанның қаза болғаны жазылады. 2015 жылы 15 қазанда ресми ақпарат негізінде болгар шекара сақшысының қолынан шекараны кесіп өту барысында Ауғанстандық босқын қаза кешті [8].

Мигранттар ағынын қолда сақтап қалу мақсатында 2016 жылдың алғашқы жартысында Шенген зонасының 26 мүшесінің сегізі ішкі шекарада шекаралық бақылауды қалпына орнатты. Босқындардың бай ЕО елдеріне барар жолында орналасқан негізгі транзиттік ел – Венгрия, Хорватия мен Сербия шекарасында дуал орнатты. Дегенменде, Болгарияда ел қамын жақтаушы заңсыз топтар мигранттарға тұзақ құрап, қарсы тұрды. Мигранттар мен босқындардың сансыз шебінің ағылуы Ұлыбританияның Еуропалық Одақтан шығуына негіз болған шешуші фактор саналды.

2015 жылдың аяғында ЕО пен Түркия арасында Грециядан Түркияға босқындарды жер аудару тұрғысында келісім-шартқа қол қойылды. Аталмыш жылда ЕО мигранттарды күтіп-ұстау лагеріне 3 млрд евро қаржы бөлді. Алайда Африкандық мигранттар теңіз жолы арқылы Италияға келуін доғарар емес. Түркия ЕО-тан Сирия босқындарын өз жерінде тұрақтандыруда лагерлерді қаржыландыруды арттыруын талап етеді. Еуропаға төгілетін мигранттардың мөлшерін азайту үшін ЕО лагерлерді африкалық елдерде орналастыруды көздейді. Бұндай істі жүзеге асыру үшін кететін қаражаттың көлемі кейбір болжамдар бойынша 20 млрд. Еуродан асады. Бұдан бөлек заңсыз мигранттарды тасымалдаумен айналысатын түрлі қоғамдық ұйымдармен күрес шаралары да өткізілуде. Жоғарыдағыларды

айта келе, қазіргі уақытқа дейін (2019-2020 жж.) ЕО әлі ЕО-қа территориялық, экономикалық және әлеуметтік тұрғыда зиянын, қауіпін әкелмейтін нақты қадамдар жасамады.

Ресейлік әлеуметтанушы және демограф Анатолий Вишевскийдің пікірінше, ұзақмерзімді шаралар деп – мигранттар ағымын тоқтатып, әлеуметтік қысымды басатын шаралардың бірі, мәселен Иранның халық әлеуетін жақсартуы және туу коэффициентін азайтуы, Африкандық және Таяу Шығыс мемлекеттерінде әйелдердің білім алу құқығын арттыруын айтады. Сөзсіз осындай іспеттес шаралар аталмыш елдердегі саяси қақтығыстар мен шиеленістерді тұрақтандыру нәтижесінде ғана жүзеге асады.

Көптеген журналдар мен газеттерде, жалпы баспасөз беттерінде миграциялық толқын Таяу Шығыс пен Африкадан шарпып, Еуропаның бөлінуіне әкеліп соқтырды. Алайда Шығысеуропалық мемлекеттер Сирия, Ливия және Ирактағы кедейшілікке ешқандай жауапкершілік алмайтынын баяндайды.

Еуропалық көзқарас. Сириядағы соғыс, Оңтүстік Жерорта теңізіндегі және Үлкен Таяу Шығыстағы тұрақсыздық жүз мыңдаған халықты Еуропадан пана іздеуге мәжбүр етті. Неміс газеті Die Welt шолушысы Кристоф Шильтц өз жазбаларында мәлімдегеніндей 2007 жылы ЕО кеңейгенінен бері ұйым қара басын ойлаушы клубқа айналғанын анық байқатты. 2015 жылы берілген өтініштердің 43%-ы Германияға бағытталғаны, Еуропаға тиесілі мигранттардың көп бөлігі Германияға бет бұрғанын көрсетеді. Керісінше, басқа елдер, әсіресе Шығыс Еуропа мигранттарды қолдаудан, қорғаудан бас тартуда. Тағы бір неміс газеті Der Spiegel тілшілері Кристина Хебель және Северин Вайланд Еуропаны тоздыратын әрі қирататын аспектілердің бірі мигранттардың дағдарысы деп жазды. Бірақ Венгрия премьер-министрі «бұл Еуропаның мәселесі емес, бұл жеке Германияның проблемасы» деді. Басқа да Шығыс Еуропа үкіметтері Венгрия сияқты мигранттардың тек санаулы бөлігін өабылдай алатынын белгілі бір себептердің болуымен, оның ішінде Батыс Еуропаға қарағанда миграциялық сұрақтарда тәжірибелерінің аздығымен және мигранттардан келуі ықтимал террорлық қырқыстың пайда болуынан қорқатындықтарын жасырмайды.

The Wall Street Journal, Ұлыбритания премьер-министрі Кэмерон Дэвидтің сөзін дәйексөзге келтіріп, Еуропа қанша сириялықты қабылдаса да, көші-қон дағдарысын баса алмайтындығын жариялады. Сондай-ақ Кэмерон миграциялық дағдарыс мемлекеттің басқа да еуропалық елдерімен қарым-қатынасына дақ түсіреді деп алаңдайды. BBC News Ұлыбританияның босқындарды қабылдамауы ұйымға қайта бірігуге кедергі келтіретінін тілге тиек етеді. Оған қоса The Guardian Ұлыбритания және басқа да еуропалық үкіметтердің билігі мен халқының сөздерінің бір жерден шықпайтындығын айтады. Мысалға алсақ, Исландия үкіметі босқындарды қабылдау санын азайтқанымен, босқындарды елге қабылдау туралы, оларға пана беріп квота бөлу туралы петицияға (ұжымдық арнаулы өтінішке) 12 000 адам қол қойғандығын ескертеді. Исландия профессоры Бриндис Бьоргвинсдоуттридің фейсбуктағы жазбасында халық Жерорта теңізінде алапатқа ұшыраған босқындарға аяныштық сезімін білдіргендіктен, көмектесуге даяр дейді. Қарсы негіз ретінде The Independent газеті АҚШ президенті Дональд Трамптың сөзін қолпаштап, босқындардың ИГИЛ және басқа да террористік ұйымдардың мүшелері болуы мүмкін екендігін айтып, Ұлыбритания және басқа Еуропалық мемлекеттерді қашқындарды қабылдаудан бас тартуларын сұрайды. Сонымен қатар мемлекеттік хатшы Джон Керридің «АҚШ 100 000-ға тарта сириялық босқындарды қабылдай алады» деген сөзіне қарсы жауап ретінде Дональд Трамп «менің естуімше АҚШ 200 000 босқынды қабылдауды жоспарлауда. Егер президент болсам, Сириядан келген босқындар қайта мекендеріне қайтарамын» деді. Дегенменде, американдық журналист Патрик Смит ЕО үкіметін және америкалық өкілдерді мінеп-сынап, АҚШ-тың Азия және Африка аймақтарында доминанттылығын орнатуы да мигранттардың ағымын кеңейтті деп ұғады. Оның сөзінше: біріншіден, қазіргі жан түршігерлік зұлмат жерлерінде Вашингтон ізінің көп екендігі; екіншіден, Еуропадағы дағдарыс тек халық пен үкіметтің санасындағы вариациялы тақырып деп жазды.

Орыстілді БАҚ. Орыстілді баспалар назарды бірнеше маңызды аспектілерге аударады. Алдымен, халықаралық ұйымдар мен агенттіктер өкілдерінің сөздерін жарыққа шығарады. Мәселен ресейлік РИА Новости ақпараттық агенттігінің жазуында БҰҰ босқындар ісі бойынша агенттіктің өкілі Байса Вак-Войя Сириядан қашқан 500 000 мигрант біртұтас Еуропа үшін сөз емес екенін, дағдарыс емес екенін атай келе, тек үкіметтер үшін күтпеген уақиға болды деп мәлімдейді. Неліктен осыншама саны бар мигранттар Еуропа үшін қиын емес деген сұраққа, Сириямен шекараласатын Ливан, Иордания, Түркия елдерінде 1 миллионнан астам сириялық азаматтар лагерлерде тұратындарын айтады. Еуропа қашқын халықты қабылдауда бөтен мемлекеттермен ортақ тіл табысып, оларды жіктеуде қиындық туғызбайды деп үміттенді сөз соңында.

ЕО-ты кінәраттау орыстілді бұқаралық ақпарат құралдарына да тән. Взгляд газетінің мақалаларының бірінде ресми үкіметтің ұстанымы ұсынылады. Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің ақпарат және баспа департаментінің директоры Мария Захарованың сөзінше, Еуроодақ өзара консенсусқа келу қабілетінен жұрдай, Таяу Шығыстан келер босқындарға қарсы саясаттың тиімділігі нашар және нәтиже жоқ деп сынға алынады. Оған қоса, М.Захарова өз территориясына 1 миллионнан астам украиндық шиеленіс кезінде қашқан жандарды қабылдау арқылы нәтижелі жұмыс көрсеткен Ресей Федерациясынан үлгі алуды ұсынды. Сонымен қатар, Шешен халқының көсемі, көшбасшысы Рамзан Қадыров өзінің әлеуметтік желілеріндегі жазбаларында Америка Құрама Штаттары мен Еуропаны Ауғанстан және Ливия сияқты мұсылман мемлекеттеріндегі 10 миллионға жуық адамдардың қайғысына себеп болды деп кінәлады.

Сұлақшин зерттеу орталығының сарапшыларының пікірінше мигранттар ағынының ұлғаюы, еуропалық мемлекеттердің экономикасын күйретіп қана қоймай, әлеуметтік қысым ошақтарының көбеюіне әсер етеді. Ислам дінін насихаттаушы елдерде туылу коэффициенті 3 есе көп болса, Еуропада 2 есе аз. Сарапшылардың болжамынша, ислам дінін ұстанушы босқындардың келуі иномәдениетпен араласып, елдегі демографиялық жағдайды арттырады. Себебі, босқын мұсылман халықтың жартысы 18 жасқа дейін жастар, 46%-ы 18-59 орта жастағылар, қалған 4% - 60 жастан асқан егде азаматтар [9].

Миграциялық дағдарыс 2015 жылы өзінің шырқау шегіне жеткеннен бері, Еуропалық Одақ сыртқы шекараны және миграциялық ағынға деген бақылауды күшейту үшін сан қырлы қажетті шаралар қолданды. Осы іс-әрекеттердің нәтижесінде ЕО-қа заңсыз кіру өлшемі 60%-ға азайды. ЕО және оның мүше-мемлекеттері еуропалық миграциялық саясаты құруда тиімді, ізгі және қауіпсіз мүмкіндіктерді пайдаланып, қарым-қатынасты ықпалдастыруға күш салуда.

Соңғы жылдары ең таралған маршрут **Жерорта теңізінің орталық бөлігі** арқылы өтеді. Солтүстік Африка мен Сахараның оңтүстігінен келетін африкандықтардың көбісі Ливия арқылы Еуропаға келеді. Осы жол торабындағы жолаушылар санының көбеюі контрабанданың және адамдарды саудалаудың өсуіне әкеліп соқтырды.

Жерорта теңізінің шығыс бөлігінен өтетін бағдар теңіз арқылы Түркиядан Грецияға баруға мүмкіндік туғызады. 2015 жылы осы торап арқылы Сириядағы соғыстан бас сауғалаған қашқындар көшіп келді. Сол мезеттен бастап Еуропалық Одақ пен Түркия арасындағы одақтастық шеңберіндегі келісімшартқа орай осы жол арқылы жүретін босқындар саны едәуір төмендеді.

Қорытындылай келе, бас сауғалап қашқан босқындар ЕО шеңберінде әлеуметтік жеңілдікке ілігіп, қоғамға сіңісіп, араласа бастағанымен, кейбір жағдайларда құжаттарының сәйкес келмеуіне немесе жоқтығына байланысты мәжбүрлі түрде отандарына қайтаруылды. Еуроодақтың 5 елінің ішкі істер министрлері 2019 жылы 23 қыркүйекте Мальтада болған ресми емес кездесуде Жерорта теңізі арқылы құтқарылған мигранттарды ЕО елдері арасында әділ әрі тең түрде бөліп жіктеу жөнінде жобаға қол қойды. Аталмыш жиынға Германия,

Франция, Италия, Мальта және Финляндия елдерінің министрлері қатысты. Сөз соңында

«Еуроодақ құрылымы мол жоспарлар мен шаралар арқылы босқындар жағдайын да реттейді. Жоғарыда аталған тек 5 мемлекет қана емес, басқа Еуропалық елдер де ішкі шекара, босқындарды жайландыру және заңдастыру тұрғысында ұжымдық қолғабыспен жаңа саяси механизм ойлап табылуы керек» деген еурокомиссар Димитрис Аврополоустың сөзімен қорытындылағым келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Европа переживает крупнейший миграционный кризис со времен 2 мировой войны. <http://archiwum.radiopolsha.pl/6/137/Artykul/217350> (14.08.2015)
2. ОЭСР: Дебаты о миграционной политике. https://www.gazeta.ru/politics/2016/09/28_a_10219853.shtml(18.10.2015)
3. Миграционный кризис в Европе в цифрах и графиках. https://www.bbc.com/russian/international/2016/02/160219_migrant_crisis_charts(26.08.2018)
4. В Евросоюзе вновь не поделили беженцев. Рим угрожает заблокировать принятие бюджета ЕС из-за проблем с распределением мигрантов. <https://business-swiss.ch/bezhentsy-v-evrope/>(19.09.2016)
5. Миграционный кризис в Европе пошел на спад. <https://www.eurotopics.net/ru/173755/политика-ес-в-отношении-беженцев> (04.09.2016)
6. OECD International migration outlook 2016. <https://cyberleninka.ru/article/n/migratsionnyy-krizis-v-evrope> (21.06.2016)
7. Asylum and first time asylum applicants by citizenship. Monthly data. <https://ktovkurse.com/a-vy-kurse/evropa-protiv-migrantov-9-stran-otkazavshiesya-prinimat-neuchtennyh-bezhenetsev> (19.09.2016)
8. Европе отворачивается от беженцев http://mignews.com/news/politic/190715_150524_12618.html(15.10.2015)
9. Глава МИД ФРГ: основной причиной миграционного кризиса остается конфликт в Сирии //ТАСС: Международная панорама <https://www.dw.com/ru/тысячи-просителей-убежища-вновь-вернулись-в-германию-после-депортации/a-51487260>

ӘӘЖ 327.66.4

ҚЫТАЙ САЯСАТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

Сейлхан Балауса

Balausea_95_07@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультетінің,

1-курс докторанты

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Букешова Г.К.

Орталық Азия (ОА) мемлекеттері арасында Қытай Халық Республикасымен ынтымақтастықтың негізгі бағыттары өзінің әлемдік жобалары аясында Қытайдың әлемдік держава ретінде қалыптасуы контекстінде талданады. «Бір белдеу, бір жол» бастамасын жүзеге асыруда Қытайдың Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азияның бірқатар мемлекеттерімен өзара әрекеттесуі көрсетілген. Қытайдың ОА аймағындағы мүдделері айқындалды, Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы өзара ынтымақтастықтың негізгі бағыттары айқындалды. Осыған байланысты Орталық Азия шеңберінде Қытай факторының әсері талданды.